



18/1-220 07.09.2026



«БЕКІТЕМІН»
«ОҚМА» АҚ ректоры
Сейтжанова Ж.С.
2026 ж.

«ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ» АҚ
ШЕТЕЛДІК БІЛІМ АЛУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ
ЕРЕЖЕСІ

Е 494-2026

Күні	Көшірме	Басылым
		Екінші

Шымкент

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Халықаралық факультет деканаты		Е 494-2026
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ шетелдік білім алушылармен жұмысты ұйымдастыру ережесі		2-ші басылым 8 беттің 2 беті

1. "ОҚМА" АҚ Халықаралық факультеті ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ

2. "ОҚМА" АҚ Сапа бойынша Кеңесінің шешімімен БЕКІТІЛДІ

Кезеңді тексеру мерзімі – 3 жыл

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Халықаралық факультет деканаты		Е 494-2026
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ шетелдік білім алушылармен жұмысты ұйымдастыру ережесі		2-ші басылым 8 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
2. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	4
3. БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚARTУЛАР	5
4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	5
5. НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ.....	5
6. ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	6
7. ЖАТАҚХАНАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ.....	7
8. ҚҰҚЫҚТАРЫ.....	7

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979- 	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Халықаралық факультет деканаты		Е 494-2026	
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ шетелдік білім алушылармен жұмысты ұйымдастыру ережесі		2-ші басылым 8 беттің 4 беті	

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ шетелдік білім алушылармен жұмысты ұйымдастырудың ережесі келесідей нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: бек.: 2007 жылғы 27 шілде, № 319 (өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының Заңы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: 2015 жылғы 18 қараша, № 410-V (өзгерістермен және толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының еңбек кодексі: бек. 2015 жылғы 23 қараша, № 414-V ҚРЗ;
- Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың ҚР келуіне шақыруларын рәсімдеу, шақыруларын келісу, ҚР визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларын бекіту туралы ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 2016 жылғы 24 қарашадағы № 11-1-2/555 және ҚР ІІМ 2016 жылғы 28 қарашадағы № 1100 бірлескен бұйрығы.
- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;
- ҚР СТ ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;
- СТ СТ 003-2024. Ұйымдастыру құжаттарын басқару;
- СТ 011-2024. Персоналды басқару;
- СТ 012-2024. Әкімшілік-басқару персоналының, профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- СТ 023-2024. «ОҚМА» АҚ Білім беру қызметтерінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттары;
- Академиялық адалдық кодексі К 121-2023;
- «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі Е 507-2026.

2 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құжатта сәйкесінше анықтамаларымен қоса келесідей терминдер қолданылады:

Құжатталған ақпарат - ұйым басқаратын, қолдайтын ақпарат және оны қамтитын медиа.

Академиялық адалдық — бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Халықаралық факультет деканаты		Е 494-2026
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ шетелдік білім алушылармен жұмысты ұйымдастыру ережесі		2-ші басылым 8 беттің 5 беті

- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы.

Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет.

Жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам.

Жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

3. БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құжатта келесідей қысқартулар мен белгілеулер қолданылды:

«ОҚМА» АҚ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік Қоғам;

ҚР- Қазақстан Республикасы;

ХФ -Халықаралық факультет;

ЖОО- Жоғары оқу орны;

Ереже- Шетелдік білім алушылармен жұмыс ұйымдастыру ережесі.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Осы Ереже «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ-да (бұдан әрі – «ОҚМА» АҚ) шетелдік білім алушылармен жұмысты ұйымдастырудың қағидаттары мен тәртібін айқындайды.

4.2. Ереже Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің нормативтік құқықтық актілеріне және «ОҚМА» АҚ-ның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

4.3. Ереженің мақсаты – «ОҚМА» АҚ шетелдік білім алушылармен білім беру процесін және тәрбие жұмысын ұйымдастыруды одан әрі жетілдіру және оның тиімділігін арттыру болып табылады.

5 НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

Оқуға қабылданған шетелдік білім алушылар Қазақстан Республикасының (ҚР) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, іскерлікті және практикалық дағдыларды толық көлемде меңгеруге міндетті.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Халықаралық факультет деканаты		Е 494-2026
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ шетелдік білім алушылармен жұмысты ұйымдастыру ережесі		2-ші басылым 8 беттің 6 беті

Шетелдік білім алушылар оқу жұмыс жоспарларына, жеке оқу жоспарына, оқу және практикалық сабақтардың бағдарламалары мен бекітілген кестелеріне сәйкес сабақтардың барлық түрлеріне қатысуға міндетті.

Шетелдік білім алушылар «ОҚМА» АҚ кафедралары өткізетін емтихан алдындағы, аралық және қорытынды бақылау пәндері бойынша кеңестерге (консультацияларға) қатысуға міндетті.

Шетелдік білім алушылар Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығының (ҰТЕО) базасында базалық пәндер бойынша аралық тәуелсіз емтиханнан өтуге міндеттенеді. Бұл емтиханнан өту – 3-курстан 4-курсқа ауысудың міндетті шарты болып табылады. Егер білім алушы белгіленген өту балын жинай алмаса, ол академиялық үлгермеушілікке байланысты оқудан шығарылады. Білім алушыны 4-курсқа ауыстыру немесе қайта қабылдау тек ҰТЕО-дан тәуелсіз емтиханнан өткені туралы анықтама ұсынылған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Шетелдік білім алушылар ҚР Конституциясын құрметтеуге, ҚР қолданыстағы заңнамасын, сондай-ақ шетел азаматтары үшін белгіленген ҚР аумағында болу және жүріп-тұру қағидаларын қатаң сақтауға міндетті.

Шетелдік білім алушылар оқу кезеңінде ішкі тәртіпті сақтауға, «ОҚМА» АҚ Жарғысының және ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын мүлтіксіз орындауға міндетті.

Жауапты тұлғалар мен қызметкерлердің міндеттері:

Шетелдік білім алушылармен жұмысты ұйымдастыруға тартылған «ОҚМА» АҚ-ның кез келген қызметкері (лауазымы мен құзыреттілігіне қарамастан) білім алушылар мен әріптестері арасында академиялық адалдық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға міндетті.

Қызметкер өз қызметін атқару барысында академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттарын қатаң ұстануы тиіс.

Қызметкер шетелдік білім алушылардың оқу процесін және құжаттамасын ұйымдастыру кезінде жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

Қызметкер жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған барлық нәтижелердің, деректердің дұрыстығы мен шынайылығын дербес тексеруді және құпиялылық талаптарының орындалуын қамтамасыз едеті.

6. ЖАУАПКЕРШІЛІК

6.1. Шетелдік білім алушылардың жауапкершілігі:

6.1.1. Шетелдік білім алушылар «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын орындамағаны, тәртіп бұзғаны және Көші-қон заңнамасын сақтамағаны үшін ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес дербес жауаптылықта болады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Халықаралық факультет деканаты		Е 494-2026
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ шетелдік білім алушылармен жұмысты ұйымдастыру ережесі		2-ші басылым 8 беттің 7 беті

6.2. Факультет деканатының жауапкершілігі:

6.2.1. Халықаралық факультет (ХФ) деканатының қызметкерлері (декан, декан орынбасарлары, әдіскерлер) шетелдік білім алушылардың оқу, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға және олардың сапалы орындалуына жауапты болады.

Қызметкер жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер, есептер мен өзге де ресми құжаттар үшін жеке жауапкершілікте болады.

Жасанды интеллект құралдарын қолданудың бекітілген тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы әрекет деп танылады және қызметкерге қатысты тәртіптік шаралар қолдануға негіз болады.

7. ЖАТАҚХАНАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

7.1. Алыс және жақын шет елдерден келген азаматтарға (дайындық курсының тыңдаушылары мен талапкерлерге) олар білім алушы қатарына ресми қабылданғанға дейін уақытша жатақханадан орын беріледі.

7.2. Талапкер белгіленген мерзімде оқуға түсе алмаған жағдайда, «ОҚМА» АҚ Ректорының бұйрығы негізінде жатақханадан шығарылуы тиіс.

7.3. «ОҚМА» АҚ ресми қабылданған шетелдік білім алушыларды жатақханаға орналастыру «Жастар саясаты» бөлімі мамандарының ұйымдастыруымен және «ОҚМА» АҚ Ректорының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

7.4. Жатақханаға орналасу барысында шетелдік білім алушылар «Жатақханада тұру ережелерімен» міндетті түрде таныстырылып, қол қоюы шарт.

8. ҚҰҚЫҚТАРЫ

8.1. Шетелдік білім алушылардың құқықтары келесідей:

- шетелдік білім алушылар Қазақстан Республикасының заңнамасына және «ОҚМА» АҚ-ның ішкі ережелеріне сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға құқылы;

- шетелдік білім алушылар «ОҚМА» АҚ бекітілген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес сапалы білім алуға, сондай-ақ заманауи білім беру технологиялары мен цифрлық шешімдерді пайдалануға құқылы;

- шетелдік білім алушылар оқу процесі, ғылыми-зерттеу жұмыстары және практикалық сабақтар барысында аудиторияларын, зертханаларын, компьютерлік сыныптарын және кітапханалық қорын пайдалануға құқылы;

- шетелдік білім алушылар «ОҚМА» АҚ қоғамдық өміріне, ХФ деканаты ұйымдастыратын мәдени-бейімдеу, спорттық, ғылыми және шығармашылық іс-

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Халықаралық факультет деканаты		Е 494-2026
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ шетелдік білім алушылармен жұмысты ұйымдастыру ережесі		2-ші басылым 8 беттің 8 беті

шараларға, үйірмелер мен студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмысына қатысуға құқылы;

- шетелдік білім алушылар білім беру сапасын арттыру және оқу процесін жетілдіру бойынша ХФ деканаты мен «ОҚМА» АҚ басшылығына өз ұсыныстарын білдіруге құқылы.

- білім алушылар бекітілген тәртіппен «ОҚМА» АҚ тарапынан жатақханадан орын алуға және өзінің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауды талап етуге құқылы.

8.2. «ОҚМА» АҚ мен Халықаралық факультет деканаты қызметкерлерінің құқықтары:

- деканат қызметкерлері шетелдік білім алушылардан Қазақстан Республикасының заңнамасын, Көші-қон режимінің қағидаларын және «ОҚМА» АҚ-ның ішкі тәртіп ережелерін қатаң сақтауды талап етуге құқылы;

- «ОҚМА» АҚ мен деканат басшылығы шетелдік білім алушылардан Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (МЖМБС) мен оқу жоспарларында бекітілген талаптарды толық орындауды және сабақтарға үзіліссіз қатысуды талап етуге құқылы;

- деканат қызметкерлері шетелдік білім алушылардан «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттарын, Академиялық адалдық кодексін бұзған жағдайда және сабақтан қалған уақыттары үшін жазбаша түсініктемелер мен растаушы құжаттарды (анықтамаларды) талап етуге құқылы;

- «ОҚМА» АҚ басшылығы мен деканат ішкі тәртіпті, оқу тәртібін немесе Көші-қон заңнамасын бұзған шетелдік білім алушыларға қатысты қолданыстағы заңнама мен ішкі ережелерге сәйкес тәртіптік шаралар қолдануға (ескертуді, сөгіс беру) және оларды оқудан шығару туралы Ректорға ұсыныс енгізуге құқылы;

- деканат қызметкерлері шетелдік білім алушылардың оқу үлгеріміне, сабаққа қатысуына және тәртібіне тұрақты түрде мониторинг жүргізуге, сондай-ақ қажет болған жағдайда олардың ата-аналарына немесе ресми өкілдеріне (фирма-контрагенттерге) мәлімет жолдауға құқылы;

- «ОҚМА» АҚ шетелдік білім алушыларды жатақханаға орналастыру, көшіру немесе жатақхана ережелерін бұзғаны үшін орыннан айыру (шығару) туралы шешімдер қабылдауға құқылы;

- деканат қызметкерлері оқу процесін, құжаттаманы және шетелдік білім алушылармен жұмысты оңтайландыру мақсатында жасанды интеллект құралдары мен цифрлық шешімдерді қауіпсіз әрі этикалық шеңберде қолдануға құқылы.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Халықаралық факультет деканаты		Е 494-2026
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ шетелдік білім алушылармен жұмысты ұйымдастыру ережесі		2-ші басылым 8 беттің 9 беті

Өзірлеген:

Лауазымы	Аты-жөні
Халықаралық факультет деканы	Сарсенбекова А.А.

Тексерген:

Қызметі	Аты-жөні
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Ержанов Н. А.

Келісілген:

Қызметі	Аты-жөні
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	Анартаева М. У.
Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор	Сәлім Е. Қ.
Комплаенс офицер	Пернебаев Н.А.

Лист согласования и подписания

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Сарсенбекова Алтынай Алибековна	Разработано	03.09.2026, 18:17:16	Без замечаний	
Кабиштаев Орынбасар Абдукаримович	Проверено	07.09.2026, 09:57:26	Без замечаний	
Ержанов Нурлан Амирович	Проверено	04.09.2026, 09:24:18	Без замечаний	
Анартаева Мария Уласбековна	Согласовано	04.09.2026, 11:25:07	Без замечаний	
Сәлім Ербол Қалтұрсынұлы	Согласовано	03.09.2026, 18:43:20	Без замечаний	
Пернебаев Нургали Алиханович	Согласовано	04.09.2026, 09:06:08	Без замечаний	
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Подписано	07.09.2026, 12:32:25	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, Акционерное общество «Южно-Казахстанская мед
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Зарегистрировано	07.09.2026, 12:32:29	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, Акционерное общество «Южно-Казахстанская мед

